

«БЕКІТЕМІН»
Директордың ОӘЖ
жөніндегі орынбасары
Абирова М. А.

« _____ » _____ 2023 ж.

**«ПСИХОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАР» ПӘНІ
БОЙЫНША ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ
Мамандық: 030600-«Фармация»
Квалификация: 030613 «Фармацевт»**

Курс: 3

Семестр: 5

Бақылау түрі: Емтихан

Барлық сағат кредит саны KZ-120/5

Аудиториялық-36

Практика-84

Алматы, 2023 ж.

« Психология негіздері және коммуникация дағдылары» пәні бойынша дәрістік кешен оқытушы Ермаханова Л.А. _____ құрастырды

«Психология негіздері және коммуникация дағдылары» пәні бойынша мейірбике бөлімінің циклдік әдістемелік комиссияның отырысында талқыланып бекітілді.

хаттама № ____ « ____ » _____ 2023ж.

Циклдық әдістемелік комиссияның төрайымы _____ Ермаханова Л.А.

Академиялық бөлімінің жетекшісі, профессор _____ Кусаинова Ж.Ж.

Оқытушы туралы мағлұмат

№	Оқытушының аты- жөні	Ғылыми атағы	Қызметі	Сабақ беретін топтары (курс, группалары)	Электрон почтасының адресі
1	Ермаханова Лаура Аманкелдиевна	Магистр 1 категори я	Психология негіздері пәнінің оқытушысы	3-курс	Lermahanova@bk.ru

Пәннің жұмыс бағдарламасы келесі бөлімдерден тұрады.

1.1. Кіріспе

Коммуникативтік дағдылар бойынша алынған білім болашақ маманың қалыптасуы үшін психологиялық құбылыстарды, емделуші тұлға мен мейірбике қызметін талдауға, тұлғаның өзін-өзі тануына және өзін-өзі жетілдіруіне арналған біліктермен дағдыларды меңгеруі қажет.

Медициналық білім саласында оқып, медицина қызметкерінің кәсібі туралы тереңдетілген түсінік қалыптастырады, науқастың жеке ерекшеліктерін бағалаудың қолайлы мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Кәсіби құзіреттілік медициналық дағдылар, ғылыми білім мен моральдық даму негізінде қалыптасады. Оның басты құрамдас бөліктері мыналар болып табылады. Оларды әдептілік қағидаларын басшылыққа ала отырып емделушілермен және әріптестерімен қарым-қатынас жасауға беймделу, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау үрдісінде өзін-өзі бақылау қабілетін сақтау және сезіну, ақпараттарды ұғабілу қабілеті жатады.

1.2. Пәннің мақсаты:

Тұлғаның психологиялық құзіреттілігін психика және психикалық қызмет механизмдерін дамыту үрдісінің негізгі заңнамалары білімі негізінде қалыптастыру, тұлғаның психогигиеналық қатысымен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын, сондай-ақ кәсіби маңызды коммуникативтік дағдыларды дамыту. Кәсіби қызмет барысында медицина қызметкерінің науқастармен, олардың туыстарымен және өз әріптестерімен нәтижелі қарым-қатынас құрастыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

1.3. Пәннің міндеттері:

Коммуникативтік дағдылар, коммуникативтік процестер, коммуникативтік құзіреттілік туралы түсініктерді білім алушылардың меңгеріп алуы;

Медицина қызметкерінің пациенттерге психологиялық көмек және қолдау көрсету барысында дұрыс шешімге келу үшін пациенттің жеке тұлғасын, оның психикасының ерекшеліктерін, оның әр түрлі ауруларға тәлімдік әрекеттен зерттеу;

Медицина қызметкерінің тек қана пациенттермен ғана емес сонымен қатар олардың жанұясымен және әріптестерімен кәсіптік және қақтығыссыз қатынаста болуының негізгі принциптерін зерттеу;

Медицина қызметкерінің жеке тұлғасын, оның әр түрлі жағдайлардағы пациенттермен қарым-қатынасын зерттеу.

Психология ғылымы туралы түсініктерді, негізгі психикалық үрдістер механизмдерін, тұлғаның психикалық жағдайымен ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру;

Тұлғаның тиімді қарым-қатынас жасау және психогигиеналық қатысты дағдыларын дамыту;

Психологиялық құзіреттілікті арттыру және кәсіби қажеттіліктер мен коммуникативтік дағдыларды дамыту;

Емделушіге психологиялық көмек пен қолдау көрсетуде қолайлы шешім қабылдау үшін емделуші тұлғасын, емделуші психикасының ерекшеліктерін, емделушілердің түрлі аурулардағы мінез-құлықтық реакцияларын айқындай білу біліктерін қалыптастыру;

Емделушілермен ғана емес, сонымен бірге олардың отбасы мүшелерімен және әріптестерімен негізгі кәсіби және дау-жанжалсыз қарым-қатынас жасау қағидаларын қалыптастыру;

Медицина қызметкерінің емделушілермен түрлі жағдайларда және әртүрлі жағдаяттар кезіндегі өзара әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.

1.4. Оқу пәнінің жоспарланған қортынды нәтижесі

Студент білу керек:

- тілдесудің құрылымын, жақтарын және тәсілдерін;
- медициналық сұхбат құрылымын;
- науқас, оның жанұя мүшелері және әріптестерімен қиын жағдайларда тиімді қарым-қатынас орнату тәсілдерін;
- кәсіби ісінде коммуникативті машықтарды үздіксіз дамытудың маңыздылығы;

Қолдана білу керек:

- науқас, оның жанұя мүшелері және әріптестерімен тиімді қарым-қатынас орнату принциптерін қолдана алу;
- науқасқа бағытталған медициналық сұхбаттың тиісті үлгісін таңдау және қолдану;
- науқастың медициналық қызметтерге қандай мәселемен келгенін анықтау;
- вербальды және вербальды емес тілдесу түрлерін қолдану;
- медициналық сұхбаттың құпиялық принципін ұстану;
- науқас немесе оның жанұя мүшелерімен араласқан кезде оларға рақымдылық және аяныш білдіру;

Компетентті болу керек:

- кәсіби дамудың үздіксіздігі;
- медицина қызметкерінің науқаспен қарым-қатынасын қалыптастыру және қолдау, ақпарат жинау және бөлісу, шешім қабылдау;
- денсаулық сақтау саласындағы әріптестер және мамандармен әрекеттесу;

1.5. Пререквизиттері: Мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдері.

1.6. Постреквизиттері: Мейірбике ісі негіздері, ішкі ауралар пропедевтикасы, терапиядағы мейірбике ісі, хирургиядағы мейірбике ісі, педиатриядағы мейірбике ісі.

1.7. Тақырыптық жоспары кесте түрінде толтырылады, онда тақырыптың аты, оқытудың түрлері, пәннің қысқаша мазмұны және тақырыптарға бөлінген сағаттар көрсетілген.

1.7.1. Аудиториялық сабақтардың тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Психологияның міндеттері, мәні.	Психология ғылым ретінде шығу тарихы. Психологияның бағыттары. Психологияның салалары.	2
2	Психологиядағы зерттеу әдістері.	Психология ғылым ретінде психологиялық әдістердің негізгі топтары. Бақылау, сауал, тест.	2
3	Сезіну, қабылдау,	Түйсік рецепторлары. Түйсіктің физиологиялық негіздері. Түйсіктердің жіктелуі және негізгі түрлері. Қабылдау туралы жалпы түсінік. Қабылдаудың негізгі ерекшеліктері. Қабылдаудың түрлері: кеңістік. Уақытты және кеңістікті қабылдау.	2

4	Ес және назар	Естің жалпы сипаттамасы. Естің негізгі түрлері. Естің негізгі процестері мен механизмдері. Зейіннің түрлері. Зейіннің қасиеттері. Зейіннің физиологиялық негізі.	2
5	Ойлау және сөйлеу. Парасат	Ойлаудың негізгі формалары. Ойлаудың психологиялық теориялары. Ақыл-ой операцияларының негізгі түрлері. Ойлаудың қасиеті. Ойлаудың даму ерекшелігі.	2
6	Танымдық психикалық үрдістердің бұзылуы	Түсіктің, Қабылдаудың, Ойлаудың, Естің Зейінің бұзылысы. Иллюзиялар дегеніміз не? Деменция және бастапқы деменция айырмашылығы. Олигофрения.	2
7	Эмоционалдық үрдістер мен күйлер	Эмоция туралы түсінік. Эмоцияның қызметтері. Эмоция формалары. Қуаныш эмоциясы. Эмоционалды азаптың туындауы және адамға әсері. Ұялу эмоциясы. Мақтаныш эмоциясы. қорқыныш эмоциясы.	2
8	Ерік туралы түсінік	Ерік жайлы теориялар. Еріктің физиологиялық негізі. Жалпы адамның еріктік қасиеттері.	2
9	Эмоциялық-жігер саласының бұзылуы	Аффектік жағдай. Апатия. Эмоцияның тұрақсыздығы. Эмоциялық әлсіздік. Клиптомания. Пиромания. Гипербулия. Абулия.	2
10	Қабілет, темперамент	Темперамент және қабілет. Темперамент типтері. темпераменттің өзіндік ерекшелігі.	2
11	Мінез	Мінез туралы жалпы түсінік. Мінездің қалыптастыру ерекшеліктері. А.Е.Личко бойынша мінездің акцентуациясы.	2
12	Іс-әрекет ұғымы. Қажеттілік және әуезділік	Іс-әрекеттің жалпы психологиялық сипаттамасы. Іс-әрекет психологиялық теориясының негізгі түсініктері.	2
13	Тұлғаның қорғаныс механизмдері	Тұлға қасиетінің тұрақтылығы. Қорғаныс механизмнің түрлері. Ығыстыру. Жоққа шығару.	2
14	Коммуникативті процесс және коммуникативті	«Коммуникативті дағдылар» пәнінің бағдарламасы дәрігердің науқаспен, оның	2

	дағдылар туралы ұғым	туыстарымен және өзінің әріптестерімен тиімді қарым – қатынасқа жетілдіруге бағытталған.	
15	Медицина қызметкерінің коммуникативті біліктілігі	қарым – қатынасын қалыптастыруға коммуникативті біліктілік , коммуникативті потенциал және аффилиация, эмоционалды тұрақтылық ,идентификация, рефлексия, эмпатия , кәсіптік бейімделу туралы мәлімет жинақталып медициналық қызметкердің коммуникативтік біліктігін құру.	2
16	Вербальды және вербальды емес коммуникация	вербальды қарым –қатынаста қолданатын , вербаль емес қарым-қаратынаста медициналық қызметкер сөз арқылы араласумен қатар мимикамендежұмыс істеу білу.	2
17	Күйзелістер туралы ілім. Күйзелістік жағдайлардың алдын алу.	Күйзеліс туралы түсінік. Күйзелістің алдан алу техникалары.	2
18	Тұлға және жеке бас даралық..	Тұлға концепцияларының жіктелуі. Э.Эриксонның тұлға дамуы концепциясы. Тұлғаның өзін-өзі дамытуы және өзін-өзі өзектендіруі .	2
Барлығы			36

1.7.2. Практикалық сабақтардың тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Мінез	Мінез туралы жалпы түсінік.Мінездің қалыптастыру ерекшеліктері.	2
2	Мінез акцентуациясы	А.Е.Личко бойынша мінездің акцентуациясы.	2
3	Іс-әрекет ұғымы. Қажеттілік және әуежділік	Іс-әрекеттің жалпы психологиялық сипаттамасы. Іс-әрекет психологиялық теориясының негізгі түсініктері.	2
4	Тұлғаның қалыптасуы және дамуы.	Тұлға туралы түсінік. Адам ұйымдасуының иерархиялық деңгейі «Индивид», «субъективті», «тұлға», «жеке даралық» ұғымдарының арақатынасы.	2

5	Тұлғаның қорғаныс механизмдері	Тұлға қасиетінің тұрақтылығы. Қорғаныс механизмнің түрлері.Ығыстыру. Жоққа шығару.	2
6	Адамның адамды қабылдауының механизмдері	Адам әлеуметтік ортаны түрліше қабылдап, бір жағдайға өзінше жауап беруі.	2
7	Коммуникативті процесс және коммуникативті дағдылар туралы ұғым	«Коммуникативті дағдылар» пәнінің бағдарламасы дәрігердің науқаспен, оның туыстарымен және өзінің әріптестерімен тиімді қарым – қатынасқа жетілдіруге бағытталған.	2
8	Аралық бақылау	Білімді бағалау	2
9	Медицина қызметкерінің коммуникативті біліктілігі	қарым – қатынасын қалыптастыруға коммуникативті біліктілік , коммуникативті потенциал және аффилиация, эмоционалды тұрақтылық ,идентификация, рефлексия, эмпатия , кәсіптік бейімделу туралы мәлімет жинақталып медициналық қызметкердің коммуникативтік біліктігін құру.	2
10	Вербальды және вербальды емес коммуникация	вербальды қарым –қатынаста қолданатын , вербаль емес қарым-қаратынаста медициналық қызметкер сөз арқылы араласумен қатар мимикамендежұмыс істеу білу.	2
11	Коммуникативті және өздік тосқауылдар	Коммуникативті білікті болу үшін оқу үрдісінде қалыптасқан іскерліктер мен дағдыларды кәсіби қарым – қатынастың барысында үнемі дамытып отыру шарт.	2
12	Қақтығыстардың пайда болуына себептес факторлар және оларды шешу жолдары	Тұлғ аралық,мекеме аралық,жеке топтар арасындағы қақтығыстар. Қақтығысқа әкеп соғатын мінездік ерекшеліктері. Қақтығыстан шығу жолдары, әдістері.	2
13	Топтағы ұжымдағы қарым-қатынас	Пациентпен қарым – қатынасын қалыптастыруға және нығайтуға, науқас туралы мәлімет жинап, ақпарат алмасуға,шешім қабылдап, медициналық және әлеуметтік қатынасқа түсетін әріптестерімен және басқа да мамандармен әрекеттесуге тірек болады.	2
14	Медициналық сұхбат, оның құрлымы.	Дәрігерге коммуникативтік біліктілік басқа әріптестерімен үйлесімді қарым – қатынасты қамтамасыз етіп, денсаулық сақтау саласындағы мамандармен қосылып тиімді дәрігерлік көмек көрсетуге көмектеседі.	2
15	Аралық бақылау	Білімді бағалау	2

16	Емделушінің психикасының ерекшеліктері.	Науқастың темпераменті мінезіндегі ерекшеліктері тұлғаның ауруға ішкі бейнесінің деңгейлері.	2
17	Аурудың ішкі көрнісі.	Науқастың ауруға қатысының түрлері. Мінез-құлқына байланысты ауруға серпілісі. Науқастың типтеріне анықтама беру.	2
18	Емделушінің ауруға реакциясы, олардың типтері және маңызы.	Интеллектісі шектелген науқастар. Депрессивті науқастар. Патологиялық қорқыныштары бар науқастар.	2
19	Психологиялық ерекшеліктері бар және психикалық бұзушылықтары бар науқастармен қарым-қатынас	Жағдайы ауыр, емінәтижесіз болған науқастармен қарым-қатынас жасау.	2
20	Психоматикалық жағдай механизмдері	Психосоматикалық механизмдер.	2
21	Аралық бақылау	Білімді бағалау	2
22	Есту, көру бұзылысы бар емделушілермен қарым-қатынас.	Есту, көру нашар науқастармен қарым-қатынаста медицина қызметкері шыдамдылық , сезімталдық көрсету.	2
23	Сөйлеу, зерде бұзылысы бар емделушілермен қарым-қатынас.	Сөйлеу және ақыл ойының нашар науқастармен қарым-қатынаста медицина қызметкері шыдамдылық , сезімталдық көрсету.	2
24	Тілдік айырмалары бар емделушілермен қарым-қатынас.	Тілдік бөгеттер. Сөздік емес тәсілдер. Паравербальды тәсілдер.	2
25	Мәдени айырмалары бар емделушілермен қарым-қатынас.	мәдени өзгешелігі бар науқастармен жұмыс жасауда не нәрсеге басты көңіл бөлу керек анықтау.	2
26	Ассоциалық емделушілермен қарым-қатынас.	Әлеуметке қарсы науқастарға медициналық қызметкер жауыздық көрсету негіздің жоқтығын түсіндіру.	2
27	Медицина қызметкерінің әлеуметтік нормаларды бұзушы науқастармен қарым-қатынас жасау	Әлеуметке қарсы науқастарға медициналық қызметкер жауыздық көрсету негіздің жоқтығын түсіндіру. Қорқынышын, үрейін басу.	2
28	Депрессиялық емделушілермен қарым-қатынас	Стрестік жағдай түрлері. Депрессивті науқастар. Патологиялық қорқыныштары бар науқастар.	2
29	Аралық бақылау	Білімді бағалау	2
30	Қауіпті емделушілермен қарым қатынас	Өшпенділік сезімі жоғары науқастар. Әлеуметтікке қарсы науқастар.	2
31	Қорқыныш пен фобиялар реакциясы бар	Фобия түрлері.	

	емделушілермен қарым қатынас		
32	Түрлі жастағы емделушімен қарым қатынас	Науқастың жас ерекшелігіне байланысты қарым-қатынас орнату. Балаларға, жасөспірімдерге, егде, қарт кісілерге дәрігерлік көмек барысында жас ерекшеліктеріне сай әрекет жасау.	2
33	Жазылмайтын аурулар туралы түсінік	Адам иммунодефицитіне шалдыққан науқастар.	2
34	Емделушілердің кәсіби хабардар болуы, қайғылы жәйттерді хабарлау дағдылары.	Жақындарына психологиялық көмек.	2
35	Медицина қызметкерінің коммуникативтік құзіреттілігі.	Комплаенттік . Дәрігердің коммуникативтік компетенттілігінің түзетін сипаттамалар. Тұрақтылық.	2
36	Медицина қызметкерінің тұлғасына қойылатын психологиялық талаптар.	Әдептілік категориялары, олардың коммуникативтік үрдістегі рөлі	2
37	Медицина қызметкері мен емделуші арасындағы өзара қатынас	Науқастың физикалық және эмоциялық стрестік жағдайын қарау.	2
38	Медицина қызметкерінің кәсіби деформациялануы.	Кәсіби деформациясының белгілері. Кәсіби деформацияның үлгілері. Эмоционалды күйреудің түрлі типтері.	2
39	Кәсіби маңызды қасиеттер және менеджерлерді дайындау	Менеджер мен медициналық қызметкердің арасындағы ұқсастық.	2
40	Еңбектің психологиялық аспектілері.	Медицина қызметкерінің жетекшілік қасиеттері.	2
41	Аралық бақылау	Білімді бағалау	2
42	Сараланған сынақ	Қорытынды бағалау	2
Барлығы			84

1.8. Оқыту және сабақ беру әдістемесі:

көркемдеп-бейнелеу әдісі,

репродуктивтік әдісі,

ізденушілік әдіс,

эвристикалық әдіс,

зерттеушілік әдіс.

Теориялық сабақтар:

Оқу сабақтарын инновациялық технологияларды қолданумен оқу үрдісін ұйымдастырудың түрлі нысандарын қолдана отырып өткізу ұсынылады.

Практикалық сабақтар: Осы типтік бағдарлама практикалық сабақтарды колледжде және сондай-ақ студенттер қажетті дағдылар алып, түрлі адамдармен жағдаяттарын ескере отырып, тиімді қарым-қатынастар жасай алатын емдеу мекемелерінде де өткізуді қарастырған.

1.9. Білімді бағалау

Ағымдағы бақылау: тестілеу, жазбаша / ауызша сұрау, жағдаяттық міндеттерді шешу.

1.10. Материалдық-техникалық тұрғыдан жабдықталуы.

Ұсынылатын оқыту құралдары:

1 Плакаттар, кестелер жинағы

2. Сұрақтар жинақтары

4 Жабдықтар мен құралдар: компьютерлер, мультимедиалық аппараттар, CD, DVD, видео.

Жабдықтары мен жарақтары: қазіргі заманғы оқу-әдістемелік әдебиет, жаңа оқулықтар мен анықтамалық құралдар, дидактикалық және көрнекі құралдар, плакаттар топтамасы, кестелер, мультимедиялық оқу бағдарламалары, топтық жұмысты, рөлдік ойындарды жазуға арналған бейнекамера, бейне-жазбаларды көруге арналған бейнеаппаратура.

1.10.1 Негізгі әдебиет: 1. Островская И.В. «Психология». Медициналық училищелер мен колледждерге арналған оқулық. М., «ГЭТАР-Медиа», 2016.

2. Асимов М.А. «Коммуникативтік дағдылар»: оқулық/Асимов М.А., Нұрмағамбетова С.А., Игнатъев Ю.В. ҚР ДСМ С.Ж. Асфендияров атындағы ҚҰМУ. Алматы: Эверо, 2019.

1.10.2 Қосымша әдебиет: 1. Мациевская Л.Л., Абильдина Н.Т., Туймебаева А.Т., Васильченко С.В., Молотов-Лучанский В.Б., Бакирова Р.Е., Кабиева С.М. «Коммуникативтік дағдылар»: учебное пособие. - Алматы: Эверо, 2016.

2. Кулимова, Л. Т. Коммуникация негіздері: учебное пособие / Л. Т. Кулимова. - Қарағанды: ЖК "Ақ Нұр", 2017.

1.11. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау әдістері:

- түсіндірме-иллюстрациялық әдіс
- репродуктивті әдіс
- проблемалық презентация әдісі, ішінара іздеу
- эвристикалық әдіс
- зерттеу әдісі.

1.12. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері: әр деңгейдегі білімді бағалау шкаласы мен критерийлері (ағымдық, орта мерзімді, қорытынды бақылау) барлық сабақтың түрлерін бағалау ережелері.

Оқу нәтижелерін бақылау мен бағалаудың формалары мен әдістері студенттерге кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуын ғана емес, сонымен қатар негізгі құзіреттіліктер мен оларды қамтамасыз ететін дағдылардың дамуын тексеруге мүмкіндік беруі керек.

Білімді бағалау дегеніміз - бұл студенттердің білім деңгейін оқу бағдарламасында сипатталған көрсеткіштермен салыстыру процесі.

Бағалаудың мақсаты - білім алушылардың оқу және танымдық әрекеттерін ынталандыру және бағыттау. Бағалауға қойылатын негізгі талаптар: объективтілік, ашықтық және айқындық, тиімділік, жан-жақты, маңыздылығы мен беделі.

Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау - ағымдық бақылау және аралық аттестаттау баллдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес №1 кестеге сәйкес жүргізіледі.

Кесте №1. Төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес келетін білім

алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық баламасы	Балл (ұпайлар) (%-дық көрсеткіш)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
А	4,0	95-100	Өте жақсы

A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлық
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз
Бағалау критерийлері	<p>«А» өте жақсы: студент Психология негіздері және коммуникативті дағды пәні саласында толыққанды толық жауап береді, бағдарламалық материалды толық меңгеруді, өзіндік жұмыстың тапсырмаларын дер кезінде орындайды, қателіктер жібермейді, өзіндік ойлаумен зертеумен айналысады, пәнді оқу барысында қосымша ғылыми әдебиеттерді өз бетінше қолданады, бағдарламалық материалды өз бетінше жүйелей алады.</p> <p>Жақсы «B, C+»: студент Психология негіздері және коммуникативті дағды пәні саласындағы білімдерін көрсетеді, бағдарламалық материалды 75% -дан кем емес игеруді көрсетеді, сонымен қатар жауап беруде қателік жібермейді, өздік тапсырмаларды дер кезінде орындайды, оқытушының нұсқауымен қосымша әдебиеттерді қолданады, қолданады, оқытушының, көмегімен бағдарламалық материалды қалай ұйымдастыруды біледі.</p> <p>Қанағаттанарлық «C», «D»: студент Психология негіздері және коммуникативті дағды пәні саласында білімі бар, бағдарлама материалын кемінде 50% игерді, өзіндік жұмыстарды, үй тапсырмаларын орындау кезінде оқытушының көмегін қажет етеді, ғылыми-зерттеу жұмыстарында белсенділік танытпайды, тек оқу әдебиеттерімен, оқытушы көрсеткен материалды жүйелеуде қиындықтар туындады.</p> <p>Қанағаттанарлықсыз «F»: студент Психология негіздері және коммуникативті дағды пәні саласындағы кейбір идеяларға ие, бағдарламада қарастырылған негізгі материалды білуде кемшіліктер табылған, пән бағдарламасының жартысынан көбін игермеген, жауаптарда түбегейлі қателіктер жіберген, ағымдағы, аралық формаларда қарастырылған жеке тапсырмаларды орындамаған және қорытынды бақылау, бағдарламада қарастырылған барлық негізгі әдебиеттерді пысықтаған жоқ.</p>		

Студенттердің оқу жетістіктерінің деңгейі рейтингтік бағалаудан және аралық аттестаттауды бағалаудан қалыптасады.

Пән бойынша қорытынды бағаға ағымдағы үлгерім және қорытынды бақылау бағалары кіреді (емтихан бағасы).

Ағымдағы үлгерімді бағалау үлесі академиялық пәндер бағдарламасы бойынша студенттің

меңгеру дәрежесін қорытынды бағалау кезінде кемінде 60% құрайды.

Қорытынды бақылау бағасы академиялық пән бойынша білімнің қорытынды бағасының кемінде 30% құрайды. Қанағаттарлық қорытынды баға пәндер бойынша берілген кредиттерді белгіленген мөлшердегі кредиттермен толықтыруға негіз болады және студенттің транскрипт /қосымшасына енгізіледі. Студенттер қорытынды бақылауда (емтиханда) «қанағаттанарлықсыз» алған кезде, пән бойынша қорытынды баға есептелмейді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі рейтинг-рұқсат беру бағасынан және аралық аттестаттау бағасынан қалыптастырылатын қорытынды бағалаумен айқындалады.

Рұқсат беру рейтингі ОЖЖ-да көзделген олардың сапасына қойылатын талаптарға сәйкес бағаланған білім алушының құзыреттерінің қалыптасу деңгейін (пайызбен) бағалайды. Бұл деңгей, бір жағынан, қорытынды бақылауға жіберу үшін жеткілікті болуы керек (қорытынды сынаққа дайындық - емтихан), екінші жағынан, білім берудің келесі кезеңдерінде кәсіби құзыреттілікті одан әрі дамыту және дамыту үшін қажет.

Емтиханға жіберу рейтингі 50 және одан да көп пайызды құрауы тиіс. Рұқсат беру рейтингі үлгерімнің ағымдағы бақылауын бағалаудан және межелік бақылауларды бағалаудан құралады рұқсат беру рейтингі пәннің әрбір блогы бойынша рейтингтердің орташа арифметикалық шамасы ретінде есептеледі.

Ағымдағы бақылау-бұл пәннің оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақтарда оқытушы жүргізетін білім алушылардың білімін жүйелі тексеру. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бақылау жүргізу нысанына байланысты болады.

Аралық бақылау - оқу пәнінің бір бөлімін аяқтау бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау. Пәнді оқу кезеңінде кемінде 2 аралық бақылау жүргізіледі. Аралық бақылауды жүргізу уақыты ОЖЖ-да көрсетіледі. Аралық бақылауды жүргізу нысаны ЦӘК және әдістемелік кеңестің шешімімен белгіленеді.

Әрбір межелік бақылауды бағалау 100 балл (%-дық мазмұн) негізге алына отырып жүзеге асырылады.

Қорытынды бақылау түрі- сараланған сынақпен қортындыланады.

$$I_{\%} = \frac{\sum P}{n} \times 0.6 + \mathcal{E} \times 0.4$$

мұндағы: P - рейтинг бағасының пайыздық мазмұны; n – рейтингтердің саны; Э - емтихан бағасының пайыздық мазмұны.